


ЖШС «Ескендир 07», «Ескендір» бөбекжайы

«Адал азамат» біртұтас тәрбие

Тақырыбы: «Тәуелсіздік – ел тірегі»



MADE WITH
**Scanner
App**



«Адал азамат – Біртұтас тәрбие»

Тақырыбы: «Тәуелсіздік – ел тірегі»

Білім беру саласы: Әлеуметтік-эмоционалдық тәрбие, патриоттық тәрбие

Жас тобы: Ересек топ

Мақсаты:

Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, Қазақстанның тәуелсіз ел екендігін түсіндіру, патриоттық сезімін қалыптастыру.

Міндеттері:

Білімділік: Қазақстанның тәуелсіз мемлекет екенін түсіндіру.

Дамытушылық: Балалардың сөйлеу, ойлау қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: Отанын сүйуге, рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер:

Қазақстан картасы, ту, елтаңба, әнұран, суреттер, смайликтер.

Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңбері

Балалар шеңберге тұрады.

Тәрбиеші:

Қайырлы таң, көк аспан!

Қайырлы таң, жер ана!

Қайырлы таң, елім!

Біз бақытты баламыз!

Кіріспе бөлім

Тәрбиеші:

— Балалар, біз қай елде тұрамыз?

— Қазақстан қандай ел?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Тәрбиеші қорытындылайды:

— Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз. Бұл – тәуелсіз мемлекет.

Негізгі бөлім

Әңгіме

Тәрбиеші түсіндіреді:

Қазақстан Республикасы – тәуелсіз ел.

1991 жылы Қазақстан өз тәуелсіздігін алды.

Еліміздің өз Туы, Елтаңбасы, Әнұраны бар.

Мемлекеттік рәміздермен танысу

- Ту – көк түсті, бейбітшілікті білдіреді

- Елтаңба – мемлекет белгісі
- Әнұран – еліміздің әні

Ойын

«Рәмізді тап»

Тәрбиеші суреттерді көрсетеді, балалар атайды:

- Ту
- Елтаңба
- Әнұран

Сергіту сәті

Көк байрағым желбіре,
Біз бақытты баламыз.
Елімізді сүйеміз,
Биікке біз самғаймыз.

Шығармашылық жұмыс

«Менің Отаным – Қазақстан» сурет салу

Балалар:

- ту
 - күн
 - гүл
 - үй
- суреттерін салады.

Жағдаяттық жұмыс

Тәрбиеші сұрақ қояды:

- Туды көрсең не істейсің? (құрметтеймін)
- Әнұран ойнаса не істейміз? (тұрамыз)
- Отанды қалай сүйеміз? (жақсы оқу, тәртіп сақтау)

Қорытынды бөлім

Сұрақ-жауап:

- Біз қай елде тұрамыз?
- Тәуелсіздік деген не?
- Рәміздеріміз қандай?

Рефлексия

- ☐ – ұнады, түсіндім
- ☐ – орташа
- ⊗ – қиын болды

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Қазақстан – тәуелсіз мемлекет екенін.

Түсінеді: мемлекеттік рәміздердің маңызын.

Қолданады: Отанын құрметтеп, рәміздерді сыйлайды.



MADE WITH
**Scanner
App**

